



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmesht.kz@mail.ru

апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

7 мамыр
сенбі

№36 (1841)

2022 жыл

«АЛДАҒЫ РЕФЕРЕНДУМ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙДЫ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бейнеүндеуі

Құрметті отандастар!

Баршаңызға мәлім, Мен биыл халыққа Жолдауымда саяси жаңғыру туралы ауқымды бағдарлама ұсындым. Бұл құжат қоғамда жан-жақты талқыланды. Сарапшылар қауымы және белсенді азаматтар осыған қатысты өз пікірін білдірді. Қалың көпшілік қолдау көрсетті.

Жолдауда айтылған бастамалардың негізгі мақсаты – саяси жүйемізді түбірімен өзгерту. Бұл халықтың көп жылғы талап-тілегінен туындап отыр. Азаматтарымыз мемлекетті басқару ісіне қатысуға кең мүмкіндік берілгенін қалайды. Сондай-ақ саяси үдерісті түбегейлі демократияландыру қажет деп санайды. Мұны тиімді жүзеге асыру үшін Ата заңымызға өзгерістер енгізу қажет.

Бір сөзбен айтқанда, конституциялық реформа жасау керек. Осыған орай менің тапсырмаммен арнаулы жұмыс тобы құрылды. Оған белгілі құқықтанушы ғалымдар, тәжірибелі сарапшылар және құзырлы органдардың өкілдері кірді.

Жұмыс тобы негізгі заңға енгізлетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын әзірледі. Оны мұқият зерделеп, Конституциялық кеңеске жолдадық. Бұл орган өз қорытындысын ұсынды. Құжат жобасы Ата заң нормаларына сай келеді. Біз конституциялық реформаның шешуші кезеңіне кадам бастық. Енді Негізгі заңды өзгертуіміз керек. Шын мәнінде, мұның ел тағдыры үшін айрықша мәні бар.

Ата заң батырларының үштен бірі өзгереді. Ашығын айтсақ, Конституциямыз мүлде жаңа сипатқа ие болады. Сол себепті мен республикалық референдум өткізу туралы бастама көтердім. Өйткені мұндай ауқымды өзгеріс бүкіл халықтың шешімімен жүзеге асырылуға тиіс.

Барлық дамыған елде плебисцит тікелей халық билігінің айқын көрінісі саналады. Бірақ Қазақстанда демократияның бұл тиімді институтының әлеуеті толыққанды пайдаланылмай отыр.



27 жыл бұрын өткізілген референдумда қазіргі Ата заң қабылданды. Одан кейінгі барлық конституциялық реформа Парламентте мақұлданды. Негізінде, бұл заңды қалыптасқан тәжірибе. Бірақ дамудың жаңа кезеңінде, Жаңа Қазақстанды құру жолында еліміз үшін осындай аса маңызды шешімдерді

бүкіл халық болып қабылдауымыз керек. Бұған кәміл сенемін. Сондықтан бүгін мен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

2 БЕТТЕ

Ұрпаққа мәңгі бейбіт өмір сыйлап, тыныштық тарту еткен қарт майдангерлер қандай құрметке де лайық. Қазіргі таңда шаһарда Ұлы Отан соғысының 3 ардагері тұрады. Олар – Төлеген Жүнісов, Әбдірахман Байтқов және Любовь Сергеевна. Өткен жұма күні қарт майдангерлердің үйіне барып, көңілде сыз боп қалған сұрапыл соғыстың тигізген орасан зардаптары жайында және бүгінгі бейбіт өмірдің қадірі турасында аз-кем әңгіме өрбітіп, ой бөлістік.

МЫҢ ТАҒЫМ, САҒАН, МАЙДАНГЕР!



3 БЕТТЕ

МАҚТАУЛЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ БІР БЕЛЕСІ



Салтанатты шара Мәншүк Мәметова ескерткішіне тағзым етуден бастау алды. ҚР Білім және ғылым бірінші вице-министрі Шолпан Каринова облысқа келген жұмыс сапары барысында М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде болып, мерейтоймен құттықтады.

Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі қазіргі уақыт талабына сай баскеге қабілетті, кәсіби құзыретті маман даярлауды өзінің басты межесіне айналдырған байырғы оқу орындарының бірі. Биыл қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметоваға 100 жыл оқу орнының құрылғанына 90 жыл толып отыр. Осыған орай өңірде мазмұнды шара өтті.



– Баршаңызды қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметованың 100 жылдық батыр есімімен аталатын киелі білім шаңырағының 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Ерекше атап өтетін жайт, батыр есімін иеленген Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі бүгінде білікті педагог мамандар даярлайтын облыстағы іргелі білім шаңырағына айналды. Ғасырға жуық тарихында бұл оқу орнын мыңдаған шәкірт бітірді. Оның ішінде саналы ғұмырын еліміздің ағарту саласына арнаған, 2000 жылдары ҚР Білім және ғылым министрі болған

Шәмша Беркімбаеваның осы оқу орнының түлегі екенін зор мақтанышпен айтуға болады. Бүгін, міне, алдымызда тұрған студенттеріміз де ертең үлкен өмірге жолдама алып, еліміздің жарқын болашағы үшін еңбек етеді. Осы игілікті сапарда барлық студент жастарға табыс тілеп, форум жұмысына сәттілік тілеймін. Барлық ұстаздар қауымына үлкен еңбектері үшін алғысымды айтамын, – деді ҚР Білім және ғылым бірінші вице-министрі Шолпан Танатқызы.

4 БЕТТЕ

Құрметті қызылордалықтар!

Қадірлі майдангерлер, тыл ардагерлері!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар және 9 мамыр – Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сондай-ақ биыл Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толу мерейтойы. Біздің Отандастарымыз үшін бұл мереке батырлық пен табандылықтың отансүйгіштік пен Отанға шексіз қызмет етудің нышаны.

Бүгінде қуаты артып, айбарлы абыроймен әлемді мойындатқан Қазақстанның қарулы күштері заманның кез келген қауіп-қатеріне жауап беретін жинақы да ұтқыр армияға айналды. Бұл ретте, осынау айтулы күн жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде маңызды рөлге ие. Тарихынан ерлігі дастан еліміздің ұлттық рухын дәріптейтін, батыр бабаларымыздың аманатын арқалаған қайсар ұландардың мерекесі.

Мәртебесі биік мейрамда Қазақстан әскерлері қатарында қызмет атқарып жүрген ұландарымызды құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Ал 9 мамыр – жанқияр ерлік пен еңселі елдіктің рухы асқақтап, Жеңіс жалауы желбіреген күн. Бүгінде тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да осынау ұлы мерекенің жемісі. Бұл күн – өз Отанының бостандығын қорғаған майдангер аталарымыз бен тыл еңбеккерлері алдында бас иіп, олардың жасампаз рухына тағзым ететін күн. Халқымыздың ерлік үлгісі, мұқалмас қажырлығы мен мызғымастығының символына айналған күн.


Ардақты ардагерлер!

Сіздердің жасаған ерліктеріңіз мәңгілік ұрпақ жадында сақталады. Сол бір қаһарлы соғыс жылдары алыстаған сайын оның маңызын біз ерекше ұғынамыз. Сондықтан да халық ұзақ күткен Ұлы Жеңісті жақындатуға майдан мен тылда жанқиярлықпен күрескендердің барлығы айрықша құрметке ие.

Баршамыз үшін ерлік пен еркіндік, елдік пен егемендік ұғымдарын біріктірген кастерлі мереке-мен тағы да құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, шаңырақта-рыңызға бақ-береке тілеймін.

Мереке құтты болсын!


Құрметпен,
Қызылорда
қаласының әкімі
А.ШАМЕНОВ



СҰХБАТ

Әрбір азамат әскерге барып, Отан алдындағы борышын өтеу міндетті. Ол үшін жастарға патриоттық тәрбиені отбасынан сіңіру керек. Ел қорғайтын азаматтарымыз барда тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыз, тыныштығымыз бен бірлігіміз үстемдік құрмақ. Тәуелсіз елдің кез келген азаматы Отан қорғауға қабілетті болуы тиіс. Мемлекет өр ұландарымен, айбынды жауынгерлерімен мықты. Сондықтан әскер қатарындағы ұландарымызға артылған сенім мен жүктелген жауапкершілік зор.

Алмас ЧУНКУНОВ,
қалалық қорғаныс істері
басқармасының бастығы:



«САРБАЗ БОЛ ДА, САПҚА ТҰР»

Жасыратыны жоқ, соңғы кезде Отан алдындағы борышын өтеуге құлықсыздық танытып, әскерге барудан жалтаратындар қатары көбейіп келеді. Мұның себебін әркім әртүрлі айтады. Айтылған ойдың дұрысы мен бұрысын көзі қарақты оқырман өзі екшеп алады.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні қарсаңында қалалық қорғаныс істері басқармасының бастығы Алмас Чункуновпен сұхбаттасып, әскери өмірдің қыр-сыры турасында әңгімелестік.

3 БЕТТЕ

Қызылорда қаласындағы бұрынғы Т.Шевченко атындағы көшеге Кеңес Одағының батыры Үрмәш Түктібаевтың есімі берілді.



БАТЫРҒА ҚҰРМЕТ

Кеңес Одағы батырының атына көше беру және ескерткіш тартатын ашылу шарасына ҚР Сенатының депутаты М.Бақтиярұлы, қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейілов, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Мөріліұлы, Ү.Түктібаевтың бауырлары, ағайын-туыстары мен қала тұрғындары қатысты.

– Бұл шара еліміздің ең қасиетті де, кастерлі мерекелері 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толу мерейтойы қарсаңында ұйымдастырылуымен ерекшеленіп отыр. Бүгін міне, киелі Сыр өңірінің даңқты перзенттерін құр-

меттеудің тағы бір шарасын өткізудеміз. Қаламыздың көрікті ауданындағы көшелерінің бірін Кеңес Одағының батыры Үрмәш Түктібаев атамның атымен атағалы тұрмыз. Мереке күні біз азаматтық арды ту етіп, өз өмірлерін құрбан еткен батыр бабаларымыздың алдында бас иеміз. Салтанатты түрде ашылғалы тұрған жаңа көше, ынтымақты халқымыздың мерейін асқақтатар көрікті орындардың біріне айналыс, – деді қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейілов.

Сондай-ақ шара барысында ҚР Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы мен облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Мөріліұлы атамның өмір жолы туралы сөз етті.

«Ақмешіт-ақпарат»

«АЛДАҒЫ РЕФЕРЕНДУМ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙДЫ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бейнеүндеуі

Конституциялық түзетулер жобасы бойынша азаматтардың жаппай дауыс беруі біздің демократиялық қағидаттарды берік ұстанатынымызды білдіреді.

Алдағы референдум Қазақстанның болашағын айқындайды. Әрбір азаматымыз дауыс беріп, осы тарихи бетбұрысты жасауға өз үлесін қоса алады.

Конституциялық реформа барлық мемлекеттік модельді кешенді түрде өзгертуге бағытталған. Түзетулер «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен ықпалды Парламентті және есеп беретін Үкіметі бар президенттік республикаға түбегейлі көшуді көздейді.

Басы 1-бетте

Конституциялық реформа биліктің өкілді тармағын айтарлықтай күшейтеді. Үйлесімді және теңгерімді жүйені нығайтады. Мәслихаттардың ықпалын арттырады.

Мәжіліс пен облыстық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың аралас мажоритарлы-пропорционалды моделі енгізіледі. Бұл қадам сайлаушылардың көзқарастары мен пікірлерін барынша толық қамтуға мүмкіндік береді.

Аудандық және қалалық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың мажоритарлық жүйесінің толықтай енгізілуі өңірлердің тыныс-тіршілігіне азаматтардың ықпал ету мүмкіндігін арттыруға жол ашады.

Конституцияның жаңарған нұсқасында Президенттің барлық саяси күштер мен

партиялардан дербестігін бекіту көзделген. Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым иеленуге және квазимемлекеттік секторда басшылық қызмет атқаруға тыйым салынады. Сондай-ақ құқық қорғау саласы бойынша маңызды өзгерістер енгізіледі. Атап айтсақ, Конституциялық сот құрылады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, яғни омбудсменнің мәртебесі Ата заңмен айқындалады. Елімізде өлім жазасы мүлде жойылады. Мұның бәрі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін жасалып жатыр. Алдағы конституциялық реформа ел дамуының жаңа кезеңі басталғанын көрсетеді.

Құрметті отандастар!

Біз бәріміз бір ел болып Жаңа Қазақстанды, Әділетті Қазақстанды құрамыз. Әрбір азаматтың құқығы қорғалатын мемлекет боламыз. Бәріне бірдей мүмкіндік береміз. Әркім қарым-қабілетіне сай қоғамнан өз орнын иеленеді. Халықтың ой-санасы жаңғырып, өмір салты өзгереді. Біз мемлекеттік жүйені жетілдіріп, қоғам мен биліктің тиімді диалогын орнатамыз. Осылайша, Екінші Республиканы қалыптастырамыз. Конституциялық реформа мұның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қажет.

Қазіргі реформаның ерекшелігі – Президенттің өкілеттігін қушейтеу емес, мемлекетімізді жетілдіру, жаңғырту және нығайту. Мен баршанызды елдің ертеңі, ұрпақтың келешегі үшін референдумға қатысуға шақырамын!

Ұлт мүддесіне сай бастамадарды қолдайсыңдар деп сенемін!

Еліміздің жарқын болашағы – өз қолымызда!

Күшіміз – бірлікте!

Бірге болайық!

Береке-бірлігімізді нығайтайық!

Орталық референдум комиссиясының ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУШЫ!

Егер Сіз дауыс беру күні 18 жасқа толған және белсенді сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының азаматы болсаңыз, Сіздің 2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер бойынша республикалық референдумға қатысуыңызға құқықтық негіз бар.

Сіздің республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімдеріне енгізілуіңіз референдумға қатысу конституциялық құқығыңыздың іске асырылу кепілі болып табылады.

Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) тізімдерді Сіздің дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағындағы тұрғылықты жеріңіз бойынша тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар тізімдерге берілген өтініш негізінде енгізіледі.

Дауыс беруге арналған учаскелер тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады, олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Өз учаскеніңізді біліп, тізіміге енгізілгеніңізді Сіз жергілікті атқарушы органға хабарласып, тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда, Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.

2022 жылғы 20 мамырдан бастап өз учаскенізде Сізге республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміндегі өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына жүгіне аласыз.

Баршанызды азаматтық жауапкершілік танытуға және республикалық референдумға қатысу құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ЗАҢ БӘРІНЕ ОРТАҚ БОЛУҒА ТИІС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда Жаңа Қазақстан құратынын айтқан еді. Міне, көп ұзамай бұл күн де келді. Өйткені алдағы референдум Қазақстанның болашағын айқындап, әрбір азаматтың үнін есуге мүмкіндік бермек.

Президенттің биылғы Жолдауында айтылған бастаманың негізгі мақсаты саяси жүйені өзгерту делі. Расында, бұл халықтың көп жылғы арман-тілегі. Әрбір қазақстандық мемлекетті басқару ісіне қатысуға кең мүмкіндік берілгенін қалайды. Сондай-ақ саяси үдерісті түбегейлі демократияландыру қажет деп санайды. Мұны тиімді жүзеге асыру үшін Ата заңымызға өзгерістер енгізу қажет екені белгілі.

Еліміздегі соңғы жағдайлар мен Жаңа Қазақстан құрудағы мақсат-міндеттер Ата заңымызды қайта қарау қажеттілігін туындатты. Осы ретте Президент Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін республикалық референдум өткізу туралы бастама көтерді. Бұл халықтың көзқарасын еркін білдіріп, таңдау жасай алуына ықпал етпек. Менің ойымша, Ата-заңымыз мәңгілік болу керек. Ол белгілі бір адамның жеке басына қатысты болмауы қажет. Себебі заң бәріне ортақ. Елімізде заңды белден басуға ешкімнің ешқандай құқы жоқ. Әсіресе лауазымды тұлғаларға онтайластырылған заң керек емес. Сондықтан бұл бастаманы қос қолдап қолдаймын. Тек қарапайым халыққа тиімді болса болғаны.

Мемлекет басшысы халықа үндеуінде: «Әрбір азаматтың құқығы қорғалатын мемлекет боламыз. Бәріне бірдей мүмкіндік береміз. Әркім қарым-қабілетіне сай қоғамнан өз орнын иеленеді. Халықтың ой-санасы жаңғырып, өмір салты өзгереді. Біз мемлекеттік жүйені жетілдіріп, қоғам мен биліктің тиімді диалогын орнатамыз. Осылайша, Екінші Республиканы қалыптастырамыз. Конституциялық реформа мұның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қажет», – деді.

Сондай-ақ мәслихат депутаттарының ықпалын арттырмек. Мәселен, мәжіліс пен облыстық мәслихат депутаттарын сайлаудың аралас мажоритарлы-пропорционалды моделі енгізіледі. Бұл қадам сайлаушының көзқарасы мен пікірін барынша толық қамтуға мүмкіндік бермек. Ал аудандық және қалалық мәслихаттың депутаттарын сайлаудың мажоритарлық жүйесінің толықтай енгізілуі өңірлердің тыныс-тіршілігіне азаматтардың ықпал ету мүмкіндігін арттыруға жол ашады.

Осы орайда еліміздің әрбір тұрғыны ел тағдыры үшін жауапты сәтте бірауыздан үлес қосып, өзінің азаматтық ұстанымын көрсете отырып, бүкілхалықтық дауыс беруде белсенді болу маңызды деп санаймын.

Талғат ТЕЛЕУБАЕВ
қалалық мәслихат депутаты

БҮГІНГІ КҮННІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға өзгерістер енгізу жөнінде референдум өткізуді ұсынды.

– Біз жаңа мемлекеттік модельге, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматына көшеміз. Бұл сапалы түрде өзгеруді Екінші Республика деп атауға болады. Жұмыс тобы Ата Заңның 33 бабына түзетулер әзірледі. Бұл – тұтас Конституцияның үштен бір бөлігі. Осы өзгерістерді енгізу туралы заң жобасы Конституциялық кеңестің қарауына жіберілді жақын арада шешімін шығарады, – деді Президент.

Заң азаматтардың өзекті мәселелерін шешу үшін үнемі жетілдіріліп отыруға тиіс. Ата Заңға бүгінгі күн талаптарына сай өзгерістер енгізу әділдік пен теңдік талаптарын нығайта түспек.

Бүгінде «Жаңа Қазақстан қандай болмақ?» деген сауалдың әрбір адамның көкейінде жүргені рас. Жаңа Қазақстан дегеніміз, бұл шын мәнінде Президент айтқандай Әділетті Қазақстан болуы керек. Әділет салтанат құрған жерде білім мен ғылым саласы өркендеп, әлеуметтік-экономикалық жағдай жақсара түсетіні белгілі. Дәл қазіргідей геосаяси жағдай ұшығып тұрған тұста елімізге ең басты керекті – бірлік пен ынтымақ және өзара сенім. Сондықтан еліміздің әрбір тұрғыны референдумға атсалысады деп ойлаймын және жерлестерімді референдумға бір кісідей қатысуға шақырамын.

Гүлзат АСҚАРОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Инженерлі-технологиялық институтының директоры, т.ғ.к

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытпаймайды. Қан майданда қарша бораған оқ пен оттың ортасында болған майдангерлерге облыстық денсаулық сақтау басқармасы құрмет көрсетті.

9 мамыр – Жеңіс күні мерекесі қарсаңында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов, медицина қызметкерлері ардагерлер кеңесінің төрайымы Раиса Көзденова, «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» Асылхан Абылайханұлы Ұлы Отан соғысының ардагері Любовь Колесниктың шаңырағында болып, майдангер мейіргерді мерекемен құттықтады. Сонымен қатар сала ардагерлері Тұрғанбай Маханұлы мен Халиша Омарованы да арнайы құттықтап, мерекелік лебізін білдірді.

– Қарттар – біздің қазынамыз. Елімізде қарттарды қолдау мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бір бөлігі. Сіздерге құрмет көрсету – біздің парызымыз. Өмір жолдарыңыз, ерліктеріңіз өскелең ұрпаққа қашан да үлгі. Зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін, – деді С.Пазылов.

Колесник Любовь Сергеевна 1925 жылғы 4 тамызда Оңтүстік Қазақстан

ҚАРТ МАЙДАНГЕРГЕ ҚҰРМЕТ



облысы, Арыс қаласында әскери қызметшілер отбасында дүниеге келген. Ол небәрі 19 жасында майданға аттанды. Кеңес Одағының маршалы Георгий Жуковтың қолбасшылығымен Беларусь майданына жақын жерде орналасқан әскери госпитальде медбике ретінде қызмет етті. Соғыстың ізімен өткен ардагер Берлинде Жеңісті қарсы алды.

Соғыс кезінде Беларусь фронтының дала госпиталінде медбике қызметін атқарып, ержүрек батылдығымен көзге түскен. Соғыс аяқталған соң гос-

питальда жұмыс істеді. 1945 жылдың қыркүйегінде елге оралып, сол жылы Қызылорда қаласындағы локомотив депо мелпунктіне фельдшер болып жұмысқа орналасты. Сол қызметтен зейнетке шықты.

Жұбайы Николай Севастьянович Колесник те соғыс ардагері. Ол жергілікті медициналық техникумда оқып, көмелет жасқа толысымен 1944 жылы әскер қатарына шақырылған. Олар отбасында 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді.

Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқан мерейтой иесі қасыраға жуық ғұмырында талай асудан мұқалмай өтіп, еңбек майданында қызмет етті. Бүгінгідей қуанышты сәтте ақ тілекпен келген жандарға өз пікірін білдіре отырып, көрсетілген құрмет үшін шынайы алғысын жеткізді. Олардың бір-ақ арманы бар. «Енді соғыс болмасын» дейді. Өйткені олар майданның қандай болатынын көрді, сезінді. Біз үшін шыбын жанын шуберкеге түйіп, жау алдында қасқайып тұрды.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

КІТАПХАНА ҚАЗЫНА ОРДАСЫ

Оқырманның рухани талап-тілегін қанағаттандырумен қатар, әлемдік, ұлттық, әмбебап ақпарат көздерін толық жинақтап, оқырманға жеткізуші бұл – кітапхана. Оқырманға жан-жақты қызмет көрсеткен кітапханалардың бірі – Қызылорда облыстық ғылыми-техникалық кітапхана. Облысымыздағы маңызды ақпараттық орталық және аса ірі ғылыми-техникалық кітап қоры бар кітапхана болған.

1972 жылғы 13 қарашадағы Қазақ КСР министрлер кеңесінің мемлекеттік жоспарлау комитетінің №85 бұйрығымен «Қызылорда облыстық ғылыми-техникалық кітапханасы» құрылды. Кітапхана облыстық ғылыми-техникалық кітапхананың негізгі қоры – отандық ғылыми-техникалық, экономикалық, қоғамдық-саяси әдебиеттер және ақпараттық материалдардан құралды. Сондай-ақ кітапхана облыстық жүйелер мен ведомстволардың техникалық кітапханаларының қызметін басқару жөніндегі облысымыздағы әдістемелік орталығы болды.

Құнды кітаптарды сақтап қана қоймай, оны насихаттап, көпшілікке қолжетімді болуы үшін, мамандардың сұраныстарын толық орындау, ғылыми, экономикалық және өндірістік әдебиеттерді, техникалық құжаттамалар мен әдебиеттердің арнайы түрлерімен, барлық өнеркәсіп, көлік кәсіпорындарын, құрылыс ұйымдарын қамтамасыз ететін киелі шаңырақ болды.

Қызылорда облыстық архив құжаттарындағы мәліметтерге сүйенсек, кітапханада маркстік-лениндік және қоғамдық-саяси әдебиеттер, философия, психология, лингвистика, әдебиеттану кітаптары және В.И.Лениннің көзі тірісінде жарық көрген шығармалары болған. Кітапхана мерзімді басылымдар мен ақпараттық басылымдарды алуға үлкен көңіл бөлді, оқырмандардың сұраныстары мен қызығушылықтары ескеріліп, еліміздің баспа өнімдерімен кітап қоры толықтырылып отырды.

Техникалық әдебиеттерді насихаттауда кітапхана кітапханалық-библиографиялық қызметтің барлық арсеналын пайдаланды. Үгіт-насихаттың кең тараған және тиімді әдістерінің бірі – ақпарат күндерін, маман күндерін, тұрақты кітап көрмелерін, әдебиеттерді ашық тамашалауды жүйелі түрде өткізу болды.

1994-1995 жылдары кітапханада 17 кітапхана қызметкері жұмыс жасады. Осы жылы оқырмандар саны 2975-ке жетіп, оқу залында 20322 адамға қызмет көрсетілді. Қазақстан Республикасы ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің 1995 жылғы 7 қарашадағы №68 бұйрығына сәйкес Қызылорда облыстық ғылыми-техникалық кітапханасы тара-тылып, толығымен кітап қорымен Қызылорда педагогикалық институтына берілді.

А.БАЙМЕНОВА,
Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің
«Архив құжаттарын пайдалану және жариялау»
бөлімінің І санатты палеографы

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 29 сәуірдегі №43/94 қаулысымен Қызылорда қаласы Қызылорда ауылдық округі әкімін сайлау жөніндегі сайлау округі құрылды.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының орналасқан мекенжайы:
120019, Қызылорда қаласы, Жәнісқошесі, №31 үй, байланыс телефоны: 23-37-20, электронды поштасы сайлау.gor@mail.kz

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының құрамы

№ п/п	Тегі, аты, әкесінің аты	Комиссиядағы лауазымы	Тұрғылықты жері
1	Ергешбаев Әділқадір Нәлқожаұлы	төраға	Қызылорда қаласы
2	Құрақбаева Кенжетүл Құрақбайқызы	төрағаның орынбасары	Қызылорда қаласы
3	Нәсібеков Кенес Ердібекұлы	хатшы	Қызылорда қаласы
4	Мүсілімов Жәнібек Исабекұлы	комиссия мүшесі	Қызылорда қаласы
5	Ыдырысова Мөлдір Сәкенқызы	комиссия мүшесі	Қызылорда қаласы
6	Мұханова Әлия Мұханбетқалиқызы	комиссия мүшесі	Қызылорда қаласы
7	Боданов Ерлан Тенизбайұлы	комиссия мүшесі	Қызылорда қаласы

№233 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы

Байжанов Жасұлан Махмұтұлы – комиссия төрағасы, Иманов Ақылбек Қазыбайұлы – комиссия төрағасының орынбасары, Сыздыкова Гулмира Ермағанбетовна – комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері: Досан Ерлан Әділұлы, Жусупбекова Гульшат Сағатовна, Анапиев Асхат Алиевич, Аширбеков Мадияр Алтайбекович.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қызылорда ауылдық округі, Қараөзек елді мекені. Дәуітбаев көшесі, №2, №39 орта мектеп.

Телефон: 8(7242) 217370.

№239 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы

Боранбаева Әлия Өміртайқызы – комиссия төрағасы, Досанов Курманғазы Абдықадырович – комиссия төрағасының орынбасары, Жүсіпова Райкүл Сардарқызы – комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері: Жүсіпбек Ақмарал, Аманжолова Лаззат Смағуловна.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қызылорда ауылдық округі, Айнакөл елді мекені. №1 учаске, №128 орта мектеп.

Телефон: 8(7242) 310423.

№240 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы

Алпысбаева Шолпан Алияскаровна – комиссия төрағасы, Нұржанова Ақмарал Нұртайқызы – комиссия төрағасының орынбасары, Орынбаева Қуанышқұл Жалғамбековна – комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері: Аханова Сағынш Серікболқызы, Ағыбаев Сактапберген.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қызылорда ауылдық округі, Айнакөл елді мекені. №1 учаске, №10, №175 негізгі мектеп.

Телефон: 8(7242) 310575.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

СООБЩЕНИЕ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ГОРОДСКОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

Постановлением Кызылординской городской избирательной комиссии от 29 апреля 2022 года №43/94 в границах территории города Кызылорды образован избирательный округ по выборам акима сельского округа Кызылорзек.

Место расположения Кызылординской городской избирательной комиссии:
120019, г. Кызылорда, ул. Жениса, д №31. телефон: 23-37-20, электронная почта сайлау.gor@mail.kz

Состав Кызылординской городской избирательной комиссии

№ п/п	Фамилия Имя Отчество	Должность в комиссии	Местожительство
1	Ергешбаев Абдиқадір Нәлхөжаевич	председатель	г.Кызылорда
2	Қурақбаева Кенжетүл Қурақбайқызы	заместитель председателя	г.Кызылорда
3	Нәсібеков Кенес Эрдібекович	секретарь	г.Кызылорда
4	Мүслимов Жәнібек Исабекович	член комиссии	г.Кызылорда
5	Ыдырысова Мөлдір Сәкеновна	член комиссии	г.Кызылорда
6	Мұханова Әлия Мұханбетқалиевна	член комиссии	г.Кызылорда
7	Боданов Ерлан Тенизбаевич	член комиссии	г.Кызылорда

Состав №233 участковой избирательной комиссии

Байжанов Жасулан Махмұтович – председатель комиссии, Иманов Ақылбек Қазыбайұлы – заместитель председателя комиссии, Сыздыкова Гулмира Ермағанбетовна – секретарь комиссии.

Члены комиссии: Досан Ерлан Әділұлы, Жусупбекова Гульшат Сағатовна, Анапиев Асхат Алиевич, Аширбеков Мадияр Алтайбекович.

Адрес: г. Кызылорда, с/о Кызылорзек, н.п. Караозек. ул. Дауитбаева №2, СШ №39

Телефон: 8(7242) 217370.

Состав №239 участковой избирательной комиссии

Боранбаева Алия Умиртайқызы – председатель комиссии, Досанов Курманғазы Абдықадырович – заместитель председателя комиссии, Жүсіпова Райкүл Сардарқызы – секретарь комиссии.

Члены комиссии: Жүсіпбек Ақмарал, Аманжолова Лаззат Смағуловна.

Адрес: г. Кызылорда, с/о Кызылорзек, станция Караозек. №1 участок, СШ №128.

Телефон: 8(7242) 310423.

Состав №240 участковой избирательной комиссии

Алпысбаева Шолпан Алияскаровна – председатель комиссии, Нұржанова Ақмарал Нұртайқызы – заместитель председателя комиссии, Орынбаева Қуанышқұл Жалғамбековна – секретарь комиссии.

Члены комиссии: Аханова Сағынш Серікболқызы, Ағыбаев Сактапберген.

Адрес: г. Кызылорда, с/о Кызылорзек, н.п. Айнаколь. №1 участок, №10, основная школа №175.

Телефон: 8(7242) 310575.

Кызылординская городская избирательная комиссия



МЫҢ ТАҒЫМ, САҒАН, МАЙДАНҒЕР!

ҚОРҚУ ДЕГЕНДІ БІЛЕМДІК

Алдымен 98 жастағы ардагер Әбдірахман Байтқовтің отбасына бардық. Жасы жүзге таяды демесеңіз, атаның қимылы қалыпты, сөзі нық. Тіптен, құлағы да анық естиді екен. Қан

есен оралып, туған-туыспен қауышуды ойлап, тілек тілейміз. Мен сол шайқаста қолымнан жарақат алып, госпитальға түстім. Қолыма ота жасалды, ауырғаны басылған соң өз өтінішіммен госпитальдан шығып, майданға қайта қосылдым — деді карт жауынгер.



майданнан туған елге оралып, соғыстан кейінгі жылдары елге қалтқысыз қызмет жасаған карт ардагер бүгінде ұрпақтары ортасында бақытты ғұмыр кешуде.

Әбдірахман Байтқов 1924 жылы дүниеге келген. Қиын-қыстау заманда жеті жылдық мектепті бітірген. Мектеп бітірісімен 1942 жылдың тамызы айында 18 жастағы бозбала күйінде әскер қатарына алынады. Жас сарбаз Өзбекстан арқылы Түрікменстанның Ашхабад қаласына аттанып, онда қару-жарақты бұзып, қайта құруды үйренеді. 1943 жылдың мамыр айында 75-ші гвардиялық дивизияға қабылданып, майдан даласына аттанады.

Өткен күндер жайында сұрағанымызда ардагер сол терен тыныстап, ұзақ үнсіз отырып, былай деп бастады.

« Ол ауыр кезең еді ғой. Әлі күнге көз алдымнан кетпейді. Тіптен кей кездері соғыс түсіме де енеді. 1943 жылдың шілдесінде біздің дивизияға неміс басқыншылары шабуыл жасады. Соғыс кезінде қорқу дегенді білмедік, мақсат — тек жеңіске жету. Елге аман-

Басы 1-бетте

Қызылордалық жас сарбаз Ново-сібірде, Курск майданында ерлік көрсетеді. Соғыс салған ауыр жарақаттан соң ол 1944 жылдың басында елге оралады. Туған жерге келісімен қайнаған қызу еңбекке араласып, 1965 жылға дейін ауыл шаруашылығы саласында аянбай еңбек етеді.

— Бүгінде тәуелсіз мемлекет болғанына жүрегім жарыла қуанамын. Елде береке мен бірлік болғанда бақыт өзі келеді. Жастар білімді болсын, ертен елді билейтін де, алға сүйрейтін де солар. Біз соған тілектеспіз, — дейді карт майдангер ізгі лебізін білдіріп.

Бүгінде карт майдангерден тараған 9 баладан 30 немере, 6 шөбере ұрпақ сабақтастығын жалғастыруда.

ЖЕҢІС ТҮЙІН ТІККЕН КҮН

Ұлы Отан соғысының тағы бір ардагері Төлеген Жүнісов 1923 жылы 20 желтоқсанда Сырдария ауданында дүниеге келген. 1942 жылы Қызыл әскер қатарына алынып, кіші командирлер дайындайтын курста білім алады. Украинада 688 атқыштар полкі құрамында қиян кескі ұрыста

болып, Украинаны жаудан азат ету жолында ерліктің ерекше үлгісін көрсетеді. Берлинге дейін жеткен майдангер жеңістен кейін Берлинде қалып, қала маңында «патрульдік» қызмет атқарады. 1946 жылы елге оралған соң өз ауылында бейбіт еңбекке араласады.

Темір жол саласында жол жөндеу шебері болып еңбек етеді. Тозығы жеткен шпалдарды ауыстыру, төсеу, шегендеп қағу, бекіту секілді жұмыстармен айналысады. 1983 жылы зейнет демалысына шыққанға дейін белгі беру және байланыс станциясында жемісті жұмыс істейді.



Соғыс даласындағы фашистерге қарсы күрестегі жауынгерлік ерлігі үшін майдангер «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені, «Германияны жеңгені үшін», «За боевые заслуги», «За отвагу», «КСРО қарулы күштеріне — 60 жыл», «Еңбек ардагері», «Астанаға — 10 жыл» және басқа да медальдармен марапатталған.

Ол рейхстагқа ту тігілген сәттің куәсі болғанын ерекше тібіреніспен еске алады.

«1945 жылдың 6 мамырында Берлинге шабуылдалық. 8 мамырда ту тігілді. Үш қабатты үйлер болатын. Мұражаның түбіндегі кесектерді алып, соған біздің ту тігілді. Қуанып жа-

тырмыз. Содан кейін вагонға тиеліп әскерлер қайта бастады. Соғыста Балтық бойындағы Эстония, Латвия, Литва, мемлекеттерін немістерден босатып, елді азат еттік. Бірақ бүгінде ертегі сияқты. Ол кезде жан алысып, жан беріскен соғыс болды. Құдай енді бетін ары қылсын. Бейбітшілігіміз мәңгі болсын, — дейді Төлеген қария.

Бүгінде карт жауынгерден 4 баладан 11 немере, 3 шөбере тарап отыр. 2010 жылы мемлекет қолдауымен «Титов» шағын ауданынан арнайы үй берілген. Қазір карт жауынгер сонда тұрады. Ғасырға таяған ғұмыр иесі бүгінгі ұрпақтың бақытты жүзін көргеніне қуанышты екенін жасыра алмады. Ардагердің ендігі арманы жастар білімді болып, ел келешегі жолында еңбек етсе деп тілейді.

ҚАҺАРМАН ҚЫЗ, ҚАРТ МАЙДАНҒЕР

Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқан жандар қаншама. Олардың есімі ел жадынан өшпек емес. Қаршадай кезінен майдан шебінде болып, өзінің жау жүрек батылдығымен көзге түсіп, жеңіс күнін жақындатуға атсалысқандардың бірі — Любовь Сергеевна. Қанқұйлы ұрыстарда қайымқай ерлермен тең



дәрежеде танылған орыс ұлтының өкілі көптеген шешуші сәттерде талай асудан мұқалмай өтіп, еңбек майданында қызмет еткен.

Любовь Сергеевна 1925 жылғы 4 тамызда қазіргі Түркістан облысы, Арыс қаласында әскери қызметшілер отбасында дүниеге келген. Жұбайы Николай Севастьянович Колесник те соғыс ардагері. Жергілікті медициналық техникумда оқып, көмелет жасқа толысымен 1944 жылы әскер қатарына шақырылған. Соғыс кезінде Беларусь фронтының дала госпиталінде медбике қызметін атқарып, ержүрек батылдығымен көзге түскен. Соғыс аяқталған соң госпитальда жұмыс істейді. 1945 жылдың қыркүйегінде елге оралып, сол жылы Қызылорда қаласындағы локомотив депо медресесінде фельдшер болып жұмысқа орналасты. Осы мекемеде зейнеткерлікке шыққанша абыройлы еңбек етіп, ел құрметіне бөленеді.

Любовь Сергеевна 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді. Жасы келген карт майдангердің жүзінде әлі күнге соғыс зардабының сызаты сезіледі.

Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Алмас Чункунов, қалалық қорғаныс істері басқармасының бастығы:

«САРБАЗ БОЛ ДА, САПҚА ТҮР»

— Мереке қарсаңында бұл күннің маңызын атап айтқан жөн болар...

— Тәуелсіз Қазақстан тарихында ұлттық әскердің құрылуы 1992 жылдың 7 мамырына сәйкес келіп, бұл күн «Отан қорғаушылар күні» деп жарияланды. Тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылдың 7 мамырына дейін Мемлекеттік қорғаныс комитеті болып келген орган Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. Отан қорғаушы! Қандай қасиетті де құдіретті сөз. Өзін ер-азаматпын деп санайтын кеудесінде намысы, жүрегінде оты бар әрбір жан үшін ең басты парыз, ең басты адами міндет — осы. Отаншылдық рух қазақ халқының бойындағы айрықша қасиет. Отан қорғаушылар мерекесі қай жағынан алып қараса да айрықша маңызға ие.

— Қазіргі таңда қанша сарбаз Отан алдындағы борышын өтеуде?

— Былтыр көктемгі және күз мезгілдерінде әскери борышын өтеуге қала бойынша 400-ге жуық азамат аттанған еді. Олар еліміздің түкпір-түкпірінде Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп жүр. Алды биыл күзде келеді. Әскерге барып келген жігіт шымыр болады. Сөзге тоқтайтын, үздіксіз тұратын нағыз азамат болып қалыптасады. Әскери өмір тазалыққа тәрбиелеп, тәртіпке баулиды.

— Жасөспірімдерді әскерге ынталандыруға қаншалықты көңіл бөлінеді?

— Бұл мақсатта жүйелі жұмыс жүргізілуде. Атап өту керек, мектепте алғашқы әскери дайындық сабағы тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бұл өз кезегінде жастарды мектеп қабырғасынан әскери өмірге үндеуге зор ықпалын тигізбек. Әскери техникалармен танысып, сарбаз киіміне дейін барлық дүниелерді танып өседі. Ол да әскерге барғанда тосырақпай тұрмайды. Жастайынан алған тәрбиесі мен білімі үлкен өмірде пайдасын тигізбек. Саптық дайындық сабақтары әскерге дайындайды. Тағы бір атап айтарлығы мектептердегі мұражайларда баланың санасына оң әсер етеді. Жасөспірімдерді әскерге ынталандыруға үгіт насихат жұмыстары тұрақты жүруде. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысы, Ауған соғысы, Чернобыль ардагерлерімен өткізілетін кездесулер патриоттық бағыты бойынша жемісті нәтижесін берері хақ. Дегенмен балаға отбасында берілетін тәрбие айрықша әсер ететінін есте ұстаған абзал.

— Жасыратыны жоқ, көптеген ата-аналар балаларын әскерге жіберуге қорқалды. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

— Бала — адамның бауыр еті. Сондықтан баланың тағдырына қатысты шешімге ата-аналардың алаңдауы заңдылық. Әскерде орын алатын заң бұзушылықтарға қатаң тиым салынады. Ал

Басы 1-бетте

ұсақ құқық бұзушылық болған жағдайда кінәлілер жауапқа тартылары ақиқат. Кейбір адамдар кішкене дүниені әсірелеп ұлғайтып жібереді. Бұл ата-аналардың наразылығын тудырады. Істің ақиқатына жүгінбей жатып, алыпқашпа әңгіме айтатындар да бар. Әлеуметтік желі арқылы жалған ақпараттар әскерге деген елдің құрметін, жастардың ынтасын жоғалтады. Осыған дер кезінде тоқтам салып отыру керек.

— Жастар бойында отансүйгіштік сезімін ояту үшін не істеу керек?

— Қашанда жастарға оң әсер ететін ол отбасылық тәрбие тәрбие тетігі. Екіншіден, мектепте алған білім мен тәрбие өмірінің айнымас бір бөлшегі саналады. Мектепте оқытылатын әр пәннің өз орны бар. Берер пайдасы орасан. Осылар бір арнада қосылған кезде азаматтың тұлғалық кескіні қалыптасады. Сонымен қатар жастар тәрбиесінде қоғамның да тигізер үлесі зор. Адамның араласатын ортасы көбіне санасына үстемдік етеді. Осы жағында назарға алған абзал. Міне, отбасы, мектеп, қоғам тәрбиелеген азаматты біз жігерлендіріп, жетілдіріп, жақсы жолға бағыттауымыз.

— Қандай жағдайда әскерге шақырту кейінге қалдырылады?

— Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы Конституцияның 35 бабына сәйкес бірінші отбасылық жағдайы ескеріледі. Екінші, жоғары немесе арнаулы техникалық колледжде білім алып жатса оқуы аяқталғанша әскерге алмайды. Үшінші, денсаулығына байланысты. Науқастанып қалған жағдайда ем алуға бір жылға дейін шақырудан босатылады. Төртінші, заңда басқа да себептер деп көрсетілген. Ол педагогтар, дәрігерлер, депутаттар және әскерге шақырушыға іс қозғалған болса іс біткенше шақыру кейінге қалдырылады.

— Борышын өтеуде жалтарғандарға қандай шара көріледі?

— Қылмыстық кодекстің 387 бабына сәйкес әскерге баруға жалтарғандарға 3 миллион теңге шамасында айыппұл қоса қарастырылған. Немесе 1 жылдан 3 жылға дейін бас бостандығынан айыруға шешім шығады. Ал әкімшілік кодекстің 647 бабына сәйкес екі шақыру қағазында келмесе үстінен қылмыстық іс қозғалады.

— Еліміздің қорғаныс өнеркәсібінің жалпы даму деңгейі қандай?

— Жылдан-жылға қорғаныс өнеркәсібі деңгейі күшейіп келеді. Қорғаныс өнеркәсібін жасайтын ірі компаниялар бар. Олардың бірі — Семейде әскери техникалар шығарса, енді бірі Қостанай облысында әскери атқыш техникаларын шығаруды қолға алған. Алып компания болмаса да әскери техникалар жасауды қолға алуда. Бұл өз мемлекетіміздің әскери саласын қамтуға толыққанды жеткілікті деп айтуға толық негіз бар.

— Сұхбатыңызға рахмет!

КӨҢІЛДЕ ҚАЛҒАН СЫЗ БАР ӨТКЕН КҮННЕН



Шараға облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Мейрамбек Әбдікәрімов қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

— Ардагерлер — біздің назарымызда. Орталық арқылы оларға жиі

қолдау көрсетеміз. Биыл жеңістің жетпіс жетінші көктемі келіп отыр. Осындай мамыражай бейбіт күн кешіп жатқанымыз сіздердің ерлікке толы істеріңіздің арқасы деп танымыз. Майдангерлерге маңгілік борыштармыз. Тыныштық пен татулық, тұрақтылық тәуелсіз

еліміздің тұғыры. Ерлер есімі ешқашан ұмытылмақ емес, — делі М.Әбдікәрімов.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанынан құралған «Қыз Жібек» еріктілер тобы мерекелік кеште бір мезет көңіл құлазыған карттарға ән-жырдан шашу шашып, көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Сонымен қатар Жанәбіл Нұрманов атындағы №198 орта мектебі ұжымы тыл ардагерлеріне азық-түлік себетін сыйға тартты.

— Мен соғыс басталғанда 6 жастағы бала едім. Әлі есімде ел арасында күнде жылау. Шешемнен «Мыналар неге жылай береді?» — деп сұрадым. «Әскерден балалары келмеген ғой», — дейді де бұрылып кетеді. Кейін түсіндім. Өкеммен бірге түрлі жұмыс істедім. Аш пен тоқтың, бар мен жоқтың қадірін білдік. Қанағат етудің не екенін жанымызбен ұқтық. Қазіргі заманға мың тәубе айтамын. Жастар тек оқуға көңіл бөлсе деймін. Еңбек адамды шыңдайды. Бейбітшілігіміз баянды болсын, — дейді тыл ардагері Ереже Исабаев.

7 мамыр — Отан қорғаушылар және 9 мамыр — Жеңіс күні қарсаңында облыстық тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен Ғ.Мүсіреповтің 120 жылдығы аясында автордың «Қазақ солдаты» романын талдау бойынша әскери-патриоттық дәрісі өтті.

ЖАУЫНГЕРЛІК РУХ



Қазақ әдебиетіндегі тұңғыш әскери роман «Қазақ солдаты» — талай жауынгердің рухын жанып, намысын қайраған кесек туынды. Ал романды бүгінгі заман жауынгерлерінің білуі — бұлжымас шарт.

Шараны ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті бастығы Бауыржан Әбсаматов ашып, бұл көркем шығарманың әскерлер өміріндегі мән-маңызына тоқталып өтті.

Облыстық тілдерді оқыту орталығы директорының міндетін атқарушы Айдана Махамбет шараның мазмұнына тоқталып, романның жас жауынгерлерге берер рухани тұстарын атап өтті. Бұдан әрі орталықтың мемлекеттік тіл оқытушысы Әсел Бақытова жазушының өмірі мен қызмет жолына шолу жасады.

Шара қорытындысында тілдерді оқыту орталығы атынан үздік қатысушыларға дипломдар табысталды.

Бет материалдарын дайындаған Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Адамзат баласының өмір жолы сан тараудан тұрады. Соның ішінде ең құндысы карттық кезең. Карттық — әр адамның кемелденген шағы. Елдің тарих жылнамасымен қатар жасап келе жатқан ардагерлердің өмір жолы кейінгі жас буынға үлгі өнеге.

1941-1945 жылдары майдан даласына күн-түні көмек жіберіп, елде еңбек еткен ерлер легі қаншама?! Олар ұйқысыз түн, күлкісіз күн кеше жүріп, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» ұранымен тылда тынымсыз жұмыс істеді. Міне, мұның барлығы соғыс солдаттарына деген елдегі жұрттың аз-кем көмегі. Бүгінде сол тыл ардагерлерінің өзі жыл өткен сайын сиреп, олардың есімдері тарих қойнауына еніп барады.

9 мамыр Жеңіс күні қарсаңында №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы мекемесінде «Ерлер жердің қорғаны, елдің тұтқасы» тақырыбында мерекелік шара өтті. Қазіргі таңда мұнда 150-ге жуық карт болса, соның 6-ы тыл ардагері.

МАҚТАУЛЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ БІР БЕЛЕСІ

Мұнан соң мәртебелі қонақтар колледждің материалдық-техникалық базасы мен атқарып жатқан жұмыстарымен танысты. Шолпан Қаринова форум аясында жарық көрген «Білім шамшырағы» атты кітаптың лентасын қиды. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының «Дуалды оқыту алаңы», «Білім нұры» атты педагогикалық сабақтастық галереясы мен «Күзиреттілік орталығы», «Көркем еңбек» шеберханасындағы сабақтарға қатысып, студенттердің енгізген жаңа жобаларына оң бағасын берді.

Іргетасы 1932 жылы қаланып, 1952 жылы Мәншүк есімін иеленген білім ұясы батыр қыздың – 100, оқу орнының 90 жылдығын толағай табыстармен қарсы алып отыр. Уақыт ағымына сай жыл сайын жаңарып, жаңғырып келе жатқан оқу орны қазіргі уақытта М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі деген мәртебелі атауға ие болған. 2021 жылдың қорытындысы бойынша облыстық білім

лардың бастамашысы. Олармен жүздесіп, ой бөлісетін әрбір кездесудің маңызы мен үшін ерекше. Жастарға қолдау көрсету – біздің жұмысымыз ғана емес, басты міндетіміз. Мемлекет тарапынан жастарды қолдауға арналған бағдарламалардың барлығы олардың тұрмыс жағдайын түзеуге бағытталып отыр. Облыс әкімінің халықтың әлеуметтік жағына осал және көпбалалы отбасыларына арналған гранты екі есеге артып, биыл 200-ге жетті. Кәсіпкерлікпен айналысамын дейтін жастардың жобаларына облыстық бюджеттен 70 млн теңге бөлінді. Мұнан бөлек, спортпен шұғылдануға да жағдай жасалуда. Тек қала, аудан орталықтарында ғана емес, ауылдық жерлерде де спорт нысандарының саны артып келеді. Біз қай кезде де жастардың бастамаларын қолдауға әзірміз. Халықтың ықыласына бөлену үшін отаншыл мінез, патриоттық сезім керек. Ел тізгінін ұстар жас бұйынға әрдайым сенім артамыз, – деді аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев.



Облыс әкімі мұндай әлеуметтік жобалардың келешек үшін маңызы зор екенін тілге тиегіп, қолдау білдіретінін жеткізді.

– «Виртуалды шындық» жобасы» назарымызға болады. Жобаның жүзеге асуы үшін барлық жағдайды жасаймыз, – деді аймақ басшысы.

Сыр жастарына тәрбие мен білім беруде колледждің өзіндік орны бар. Тағылымы мол білім шаңырағы талай таланттың бағын ашқан. Форумда колледж студенті Биназир Алиханқызы үздік деп танылып,

оған Мәншүк Мәметова атындағы арнайы стипендияның сертификаты табысталды. «Шетел тілі» мамандығында оқитын студент үздік, жаңашыл, көшбасшы болып көзге түскен.

Жаңа Қазақстанды құруда әрбір жас өз үлесін қосуы тиіс. Мемлекеттің дамуына өзіндік қолтаңба қалдыру мақсатында бүгінгі ұрпақ білікті де білімді маман иесі болуға талпынуы қажет. Форумда осы бағытта жастарға үндеу жолданды.

– Мемлекетіміздің жастарды қолдауы біз үшін үлкен мүмкіндік. Мемлекеттік бағдарламалардың жастарға берер мүмкіндігі көп. «Алты алаштың басы қосылса, төрдегі орын мұғалімдікі» деген ұстаным бізге зор жауапкершілік жүктейді. Мұғалімдерге көрсетілетін құрметте және олардың кәсіби мамандығына қойылатын талапта жылдан-жылға артуда. Сіздерді де өз біліктіліктеріңізді дәлелдеп, ұстаз



басқармасы мен кәсіподақ комитеті тарапынан «Үздік идеялар жарысы» номинациясымен марапатталған. Мұның бәрі ұжымдағы оқытушылар мен студенттердің бірлескен, үндескен жұмыстарының нәтижесі.

Қазір колледжде 13 мамандық, 23 біліктілік бойынша мамандар даярланып келеді. Жыл сайын мұнда еңбек нарығындағы сұранысқа сай мамандықтар толығуда. 90 жылда білім ордасы талай биік шыңдарды бағындырды. Өсті, өнді, өркендеді. Оқу орны халықаралық білім кеңістігіне еркін қанат жая бастады. Жыл өткен сайын жаңа мамандықтар қосылып, колледждің оқу-материалдық базасы кеңейді, жаңарды. Уақыт сұранысына сай ақылы негізде білім алушылар саны жылдан-жылға артты. Қасиетті оқу ордасының қабырғасында білім алған талай белгілі есімдер үлкен мақтаныш. Бүгінгі торқалы тойға бірқатар түлек шақырту алған. Тарихи сәтке куә болғандардың жүзінен қуаныш лебі еседі.

Торқалы тойдың негізгі шарасы «Жастық жалынымыз – сүйікті Отанымызға!» атты республикалық патриоттық жастар форумы болды.

Шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Білім және ғылым бірінші вице-министрі Шолпан Қаринова, Қазақстан Халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің төрайымы Назипа Шанаи, зиялы қауым өкілдері мен ардагер ұстаздар, белсенді жастар қатысты.

Жиында облыс әкімі Сыр жастарының бастамаларын қолдауға бар мүмкіндік жасалатынын айтты.

– Жастарға қатысты қандай мәселе болсын, менің назарымнан тыс қалмайды. Жастар қашан да еркін ой мен тың идея-

Форумда ҚР Білім және ғылым бірінші вице-министрі Шолпан Қаринова түрлі интеллектуалдық сайыста топ жарған зерделі жастардың талпынысын жоғары бағалап, олардың ұсыныстарын ескеріп, министрлік тарапынан тиісті жұмыстар жасалатынын айтты. Солардың бірі колледждің бітіруші курс студенті Руслан Бакбергенов үйден оқитын балаларға арналған «Виртуалды шындық» жобасын таныстырды.

– Мен алдыма үлкен мақсат қойдым. Сол мақсат алға жетелеп ерекше оқуды қажет ететін оқушыларға арнап «Үйден оқыту, виртуалды шындық» жобасын ұстаздарыма ұсындым. Жобаның мақсаты – ерекше оқуды қажет ететін оқушылар сыныптарымен бірге бір сыныпта отырғандай сезінуі және достарымен тығыз байланыста болуы, – дейді ол.



Басы 1-бетте

ЖАДЫМДА ТҰРАР ЖАҢҒЫРЫП...



Қазіргі таңда облыстық мұражайдың 11 экспозициялық залы заманауи үлгіде жасакталған. Сыр өңірінің ежелгі дәуірінен бастап бүгінгі күнге дейінгі ел тарихынан сыр шертетін музей қорында 60 мыңға жуық экспонат сақтаулы. Өлкеміздің

құрылуы, тарихы, өнеркәсібі мен мәдениеті жайлы мәліметтер беретін 11 залда 4502 экспонат бар.

Мұражайда Ұлы Отан соғысы жылдарына арналған зал бар. Онда сұрапыл соғыс жылдары пайдаланған жауынгерлердің жеке заттары



мен жазған хаттары сақтаулы. Сонымен қатар майдан даласында пайдаланылған ұрыс техникаларының бөлшектері қойылған.

Мұражайға келген әрбір адамның көкірегін түрлі сауал тербеп тұрады. Сонау ғасырлар қойнауынан әкелінген әрбір экспонаттың өз тарихы бар. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайындағы ең құнды экспонаттың бірі батыр дулығасы, сауыт, зеңбірек ұңғыларының ішке бүккен сыры бар секілді.

Сыр өңірінен шыққан Кеңес Одағы батырларының тізімі майдангерлерге деген құрметінді арттыра түседі. Жауынгер қаскасы, тапанна қорапшасы, қалта сағаты, компас, күрек бөрі-бәрі қатпарлы тарих бедерінің бір белгісі.

– Біздің бай қазынамыздың бірі де, бірегейі мұражай қоры. Мұндағы құнды жәдігерлер өскелең ұрпақтың тарихын терең таныуына өз септігін тигізеді. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы талай шаңыраққа қасірет әкеліп, іргесін шайқалтты. Отан алдындағы қасиетті борышын өтеуге Қазақстаннан 1 миллион 366 мыңға жуық адам қатысса,



соның 150 мыңын қызылордалық жауынгерлер құрады. Оның 35 мыңға жуығы оралмады. Барлығы 20 мың қызылордалық жаудан азат еткені үшін ордендер мен медальдардың негері болды. Ал 23 жауынгер майдандағы ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Мұражайда Сыр өңірінің соғыс және тыл ардагерлері суреттері, 1979-1989 жылдары ауған соғысына қатысушылар, Чернобыль апаты мен Семей полигонын жоюға қатысқан ардагерлеріміздің фотолары мен құжаттары, соғыс кезінде

пайдаланылған ыдыстары мен қару-жарақтары сақталған. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне берілген наградлары мен архивтік құжаттары, майданнан келген хаттары бар. Сонымен қатар сұрапыл соғыс жайлы жазылған естелік кітаптар орын алған. Экспонаттар шамамен 1950 жылдан бастап мұражай қорына жинақталған. Олардың уақыт өткен сайын құндылығы арта бермек, – дейді өлке тарихы ғылыми зерттеу бөлімінің меңгерушісі Еңлік Баймұраева.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Газеттің келесі саны 12 мамыр, бейсенбі күні шығады.

ОҚИ ОТЫРЫҒЫЗ...

ШЫМЫЛДЫҚ

Жылыжүзді кітапханашы апаймен көшеде кездесіск кездестім. Өзі текті тұқымнан. Үлкен әкелері шыққан топырақта туған қарияның дүниеден озғанын айтып, сирек тағдырлы жанның өмір тарихын тарқатты. Айтса, аңызға бергісіз әңгімені 2010 жылы естідім. Көңіл толқытқан көкейдегі мақала жазылмай қалды. Араға біршама уақыт салып барып маңызын жоймайтын тақырыпқа қайта оралуды парыз санадым. Себебі, санамда күтүмен өткен ғажап ғұмыр жатталып қалыпты. Оның ғажаптығы сүйгенін сарыла күтүінде ғана емес еді...

Дүниеден озған кейуаның жасы тоқсанға таяған. Алдымен оның прозашы Шерағанның «41-жылғы келіншегімен» тағдырлас болуы қайран етті. Екі беттік әңгіменің жас күнінде ерекше әсер еткені есімде. Күйеуі соғыста өлген кейіпкердің күні кешеге дейін ортамызда жүргенін білмейміз. «Айқы» газеті білдірді. Мұқым ауыл құрмет тұтқан кейуана 2014 жылы пәнінен озды. Елде онымен тағдырлас жандар жоқ емес, бар. Қайран қалдырғаны, текті әжейдің ақтық демі үзілер шақтағы соңғы сөз еді. Соның есімнен шықпай-ақ қойғаны.

...Тосыннан соғыс өрті тұтанып, дүниенің астан-кестені шықты. Жары жалын-оттың ішіне кете барғанда бұл 18-де еді. Көп ұзамай майданнан үшкіл хат орнына «қара қағаз» келді. Сенбеді. Уақыт-ұршық ауыр сырғыды. Ақыры, жігермен күткен Женіс көктемі де жетті. Бірақ қосағы келмеді. Аттанарда қызарып батып бара жатқан күнге қарап: «Қайтып ораламын, күт!» деп сыбыр еткен. Жаулығы желбіреп төбеге талай шығып, жолын тосты. Оралмады. Заңғар сезім сонда да бір басылмады. Көп күндер көп жылдарды әкетті. Жалын жастық пен қариялық арасын үміт жалғады. Осылайша, жесірлікпен жетпіс жыл өтті. Соғыс сызы алдеқашан естен шықса да үміті үзілген емес. Сол кейуана соңғы демі шығарда бірі-ақ сөз айттыпты деседі. Еснет емес, жалқы сөз ғана...

Сонау бір шақта, сағынышпен өрілген ғұмырынның басында ма еді, ерімен ұш-ақ күн жұпты өмір сүрді. Жар қызығын да үш түн көрген. Сараң тағдыр шаттық шуағын небәрі үш тәулік қана төгітті-ау?! Ал, келесі күні есіл ер қан майданға аттанып кете барды. Бұл бар ғұмырын сарыла күтүмен, сартап болған сағыныш түтесілгенше тосуден өткізді.

Қазақ – жетімі мен жесірін жылатпаған дініне берік, салтына мықты халық. Жесір жегенсіне жақын қайынысы ұлын қиды. Аялап өтті. Жалғыз ол ғана емес, ауылдағы ағайын да айрықша құрмет тұтты. Бұл шаңырақтың отын өшірмей қарайтын отыра берді.

Сағыныштан сарғайған өмір де шектеулі екен. Опасыз жалғанмен қоштасар сәт те туды. Кейуана күбір етті де бұйрықты тағдырға риза кейіппен күлімсіреген күйі жүре берді. Соңғы сөз әуеде қалықтап тұрып қалды: «Шымылдык!»

Ақырғы мезетте жарқын ғұмырына өзек болған қас-қағым қуанышы – ақ шымылдыққа алғаш енген ең аяулы сәті елестеген болар, сірә.

Сонау торғын шымылдықта толған айдай толысып отырған сағым шағы ше... Абысындарының «Шаңыраққа келін түсті» деп шаттанғаны, балақайлардың алақайлап сүйіншілегені, сонан соң құдай қосқан қосағына наздана қарағаны, бауырына қысқан ғажайып сәті еске түскен болар, бәлкім...

Бәлкім, сол мезет екі дүниені бөліп тұрған, арғы дүниемен ортадағы шындық шымылдығы түрілген шығар. Кім білісін? Не болғанда да бұл сүйіспеншілік сынынан сағы сынбай өтті. Бұл – сирекке берілетін сынақ. Хак шебер қашан да әділ. Демек, тұтас ғұмырын зарығумен сарп еткен пендесіне Жасаған иенің тартқан сыйы осы болар: «Сүйген жары оралды!»

Сөз соны: Көк төсінде бейбіт аспан туғалы 77 жыл өтті. Әйтсе де, сұм соғыс туралы шындықтың жазылып бітпегені сияқты, сол аласапыранның алапат қасіреті де айтылып біткен жоқ әлі.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ	Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021) Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сана менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 4261 Танысырыс №715
Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.				
Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолын АЙТЖАНОВА				